"Saryisyn Holding" *жауапкершілігі шектеулі серіктестігі* *г.Шымкент, Микрорайон САУЛЕ , Улица Ж.ЖАБАЕВА, 30б* *БСН* ***190140000505*** *Директор Қарынбаев Абылайхан Нұрланұлы* *Тел.:* ***87078161429*** ***E-mail:*** *too.saryisynholding@bk.ru* *Почта: X08C6G2*		*Товарищество с ограниченной ответственностью* ***"Saryisyn Holding"*** *г.Шымкент, Микрорайон САУЛЕ , Улица Ж.ЖАБАЕВА, 30б* *БИН* ***190140000505*** *Директор Қарынбаев Абылайхан Нұрланұлы* *Тел.:* ***87078161429*** ***E-mail:*** *too.saryisynholding@bk.ru*

Шығ. №_307_ «_09_» наурыз_2021ж

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит коммитетіне

Түркістан облысы ішкі мемлекеттік аудит департаменті

Түркістан облысының прокуратурасына

Ш а ғ ы м

Ұйымдастырушы "Төлеби ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі тарапынан "Төлеби аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қарасты үш көшеге:

1. 40481695-ОК1 лотта, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Қоғалы ауылдық округі,Ұзынарық елді мекенінің көшеліріндегі сумен жабдықтау желісінің жабындысы.

2. 40480447-ОК1 лотта, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Қаратөбе, Тасарық елді мекендеріндегі және Көксәйек ауылдық округіндегі су өткізгіштердің жабындысы.

3. 40482549-ОК1 лотта, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Қоғалы ауылдық округі,Диханкөл елді мекені сумен жабдықтау желісінің жабындысы.

Жұмыстарына ашық конкурс тәсілімен жарияланған хабарландырулар нөмірі **1) № 5300915-2** санды хабарландыру жасап, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланды. Бірақ бірінші 2021-01-08 күнгі хабарландыруда Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптары

қойылмаған (appendix_1_3_5300915.pdf , appendix_1_3_5300915.pdf , appendix_1_3_5300915.pdf). Яғни

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңының 21 бабы 2 тармағының:

14) конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау тәртібі; - деп көрсетілген заңын бұзып отыр.

Конкурстық құжаттамада сметалық құжаттамаларын **толық қойылмаған**.

Ал екінші 2021-01-23 күнгі толықтырудан кейін алдын ала талқылаусыз хабарландыруды заңсыз ашып онда жұмысқа қажетсіз талаптарды күрделендіріп.

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңының 9 бабы 2 тармағы:

1) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді»- деген.

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңының 4 бабын тұтастай бұзып отыр.

4-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;

6) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

Және жоғарыда аталған 21 бабтың 3 тармағы:

Конкурстық құжаттамада осы Заңда көзделмеген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін, оның ішінде мыналарға:

1) әлеуетті өнім берушілерге кез келген өлшенбейтін сандық және (немесе) әкімшілендірілмейтін талаптар белгілеуге;

2) тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға, мыналарды:

негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтылымды (лицензиялық бағдарламалық қамтылымды) қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін;

тауарды лизингке беру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні айқындау және лизинг нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау қажеттігі туындағанда;

тапсырыс берушінің қолында бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, нұсқаулардың болуына қатысты мемлекеттік сатып алу талаптарын белгілеуге тыйым салынады.- делінген. Егер бұл жұмыстар жоғары санаттағы күрделі жұмыстар болса Мемлекеттік құрылыс-монтаждау рұқсат санатымен қоймайды.

Алдын ала рұқсат беру хаттамасында барлық әлеуетті өнім берушілерді бір типпен қабылдамай, егжей тегжейлі зерттемей ешқандай нақты себепсіз қайтарған. Бұл ретте өз міндеттеріне жауапсыздықпен қараған.

Сметалық құжаттың қажетті материалдық және еңбек ресурстар бөлігін (Ресурсная смета) порталға ілмей ойдан шығарып бекіткен. Мысалы 1-ші. Погрузчики телескопические, на пневмоколесном ходу. Высота подъема до 7150 мм, общая ширина 2250 мм, грузоподъемность до 3,5 т. 2-ші Экскаваторы-дреноукладчики при работе на водохозяйственном строительстве, 79 кВт (108 л.с.). 3-ші Грейферы широкозахватные на базе экскаватора для проходки траншей
противофильтрационных завес.

4-шіден Начальник участка по транспортному строительству работающий на постоянной основе Транспорттық құрылыстың пен су құрылысына қатысы қанша?.

Осыдан әдейі жоспарлы түрде қорытынды хаттамаға рұқсат бермеуге ниеттенгенінің айқын дәлелі.

Қорытындылар туралы хаттамада құзіретін асыра пайдаланып көшеге су құбырын орнату жұмыстарын ішінара бөліске салған. Осылайша өз бағасында жеңімпаз болған. Ал негізгі баға ұсынысымен жеңімпаздың арасында 4-млн дай сумма мемлекеттік жеңілдік бар. Бұларды ұйымдастырушы ескермеген.

Барлық ашық конкурстар сыбайлас-қылмыстық тізбекке саяды. Сол себепті әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікті сақтап баға ұсынысына жіберілсін. "Saryisyn Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінінде қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуымен. Келісім шарт бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндігі бар.

04.06.2020 жылғы «Самұрық қазына» АҚ –ның кезекті жалпы отырыс есебінде **Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың** мемлекет қаржысын тиімді, үнемді жұмсау бойынша мемлекеттік уәкілетті органдарға, Үкіметке, АҚ-дарға нақты тапсырмалар берді. Жәнеде Елбасы өз сөзінде айтқандай, «*мемлекеттік*

лауазымды адамдар, басшылар, мемлекеттік бір тиынының есебін береді» - деп нақты көрсетті.

Бұл бойынша Президентіміз **Қасым-Жомарт Кемелұлының** «кәсіпкерлерге мемлекеттік лауазымды тұлғалар тарапынан қысымның жасалуы, заң бойынша қатаң жауапқа тартылады» деген. Уақыт тапшылығына байланысты конкурстық комиссияны өз дәрежесігде жазалап аталған фактілер негізінде аталған конкурстарды **қайта қарап**, Saryisyn Holding" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін баға ұсынысына жіберуіңізді сұраймын!

Ал келесі жағдайда, өз кезегінде жоғарыдағы аталған заңдық фактілер негізінде аталған конкурстарды **тоқтатып**, ұйымдастырушыны ауыстырып қайта жариялауды сұраймын.

Директор
"Saryisyn Holding"ЖШС **А.Қарынбаев**